

**«Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамы Басқармасының 2022 жылғы 16 маусымдағы шешімімен (№ 22 хаттама) бекітілген «Қазақстанның орнықтылық қоры» акционерлік қоғамында дербес деректерді жинау, өңдеу және қорғау жөніндегі саясатқа өзгерістер мен толықтырулар**

1. 4-тармақтың 8) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«8) **Дербес деректер** - электрондық, қағаз және (немесе) өзге де материалдық жеткізгіште тіркелген, олардың негізінде айқындалған немесе айқындалатын дербес деректер субъектісіне жататын деректер, оның ішінде биометриялық деректер;».

2. 4-тармақтың 10) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«10) **Дербес деректерді тарату** - нәтижесінде дербес деректерді беру, оның ішінде бұқаралық ақпарат құралдары арқылы беру немесе дербес деректерге қандай да бір өзге тәсілмен қолжетімділік беру жүзеге асырылатын іс-әрекеттер;».

3. 4-тармақ мынадай мазмұндағы 18) және 19) тармақшалармен толықтырылсын:

«18) **Дербес деректерді автоматтандырылған өңдеу** - меншік иесінің және (немесе) оператордың, сондай-ақ үшінші тұлғаның өңдеу процесіне қатысуын болдырмайтын ақпараттандыру объектісінің дербес деректерді өңдеуі;

19) **Биометриялық деректер** - дербес деректер субъектісінің физиологиялық және биологиялық ерекшеліктерін сипаттайтын, оның негізінде оның жеке басын анықтауға болатын дербес деректер.».

4. 8-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«Дербес деректердің тізбесі меншік иесінің және (немесе) оператордың дербес деректерді қорғау саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган бекіткен, олар жүзеге асыратын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін айқындау қағидаларында айқындалған нысан бойынша ресімделеді.».

5. 13-тармақтың төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«• Заңда көзделген жағдайларда және тәртіппен бұл туралы Қорды хабардар ете отырып, дербес деректерді жинауға, өңдеуге өзінің келісімін кері қайтарып алу.

Дербес деректер субъектісі жүгінген күннен кейінгі күннен бастап есептелетін он бес жұмыс күні ішінде Қор, егер оларды сақтау немесе өңдеу Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілмесе, дербес деректерді өңдеуді тоқтатуға не дәлелді бас тартуды беруге міндетті;».

6. 23-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«23. Дербес деректерді өңдеуге келісімнің қолданылу мерзімі, егер Қазақстан Республикасының заңдарында немесе шартта өзгеше белгіленбесе, дербес деректерді жинау және өңдеу мақсаттарына қол жеткізу үшін қажетті мерзімнен аспауы тиіс.

Егер дербес деректерді жинауға, өңдеуге келісімнің қолданылу мерзімі көрсетілмесе, ол оны беру кезінде айқындалған өңдеу мақсаттарына қол жеткізгенге дейін қолданыста деп есептеледі.».

7. 31-тармақ мынадай мазмұндағы 9) тармақшамен толықтырылсын:

«9) Қор қолжетімділігі шектеулі дербес деректермен жұмыс істеу кезінде пайдаланушыларды сәйкестендіру және (немесе) аутентификациялау, оның ішінде жүз мыңнан астам дербес деректердің жазбасы бар база үшін биометриялық аутентификациялау құралдарын қолданады.».